

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 407 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 813 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 24-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

4-бөлімде:

мына:

"

4 Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	4207
---	------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4 Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	1078
---	------

"

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы қаулы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын Ереженің 16-тармағындағы орталық аппарат функцияларының 74) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 813 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 1011 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мынадай:

1) салық және бюджет саясаты, сондай-ақ кеден ісі саласындағы, инвестициялар тарту жөніндегі саясат, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік инвестициялық жобалар, жарнама, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу, аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар, қоғамдық маңызы бар нарықтарда, мемлекеттік активтерді басқару, оның ішінде корпоративтік басқару сапасын арттыру, мемлекеттік басқару жүйесін дамыту;

2) өңірлік даму, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, өзін-өзі реттеу;

3) аэронавигация, әуежайлар және кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру салаларын қоспағанда, табиғи монополиялар салаларында, ішкі рейстерде әуежайлардың мынадай қызметтерін көрсетуді: жолаушыларды отырғызу-түсіру (телескоптық трап арқылы), тасымалдау процесін қамтамасыз ету

мақсатында пайдаланылатын әуежайдың үй-жайларын жалға беру, жүктерді өңдеу, жолаушыларды тіркеу үшін жұмыс орнын (алаңдар) ұсыну, әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді қоспағанда, қоғамдық маңызы бар нарықтарда мемлекеттік реттеу және бақылау, сондай-ақ энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау;

4) салааралық үйлестіру, сондай-ақ стратегиялық, бақылау, іске асыру және реттеу функциялары;

5) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Министрліктің ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті бар.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер Министрлікке заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, оның мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 7-кіреберіс.

10. Министрліктің толық атауы – "Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның миссиясы, негізі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Министрліктің миссиясы:

Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының біртұтас және тиімді жүйесін қалыптастыру.

15. Міндеттері:

мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру:

- 1) салық және бюджет саясаты, сондай-ақ кеден ісі саласындағы саясат;
- 2) лицензиялау;
- 3) рұқсат беру жүйесі;
- 4) бюджетаралық қатынастар;
- 5) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау (қадағалау);
- 6) инвестицияларды тарту;
- 7) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш;
- 8) мемлекеттік-жекешелік әріптестік;
- 9) мемлекеттік инвестициялық жобалар;
- 10) табиғи монополиялар;
- 11) қоғамдық маңызы бар нарықтарда;
- 12) халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар;
- 13) мемлекеттік активтерді басқару, оның ішінде корпоративтік басқару сапасын арттыру;
- 14) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту;
- 15) өңірлік даму;
- 16) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;
- 17) жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау;
- 18) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау;
- 19) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау;
- 20) Министрліктің қарамағындағы мемлекеттік басқару салаларында (аяларында) тұтынушылар мен көрсетілетін қызметті берушілер арасындағы мүдделердің теңгерімін қамтамасыз ету;

- 21) табиғи монополиялар субъектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 22) өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 23) жарнама саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 24) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру;
- 25) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

16. Функциялары:

орталық аппараттың функциялары:

- 1) Қазақстан Республикасының 10 жылға арналған Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу, түзету, мониторингтеу және іске асырылуын бағалау;
- 2) өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) Елді аумақтық кеңістікте дамытудың болжамды схемасын әзірлеу және түзету;
- 4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын әзірлеу, түзету және іске асырылуын мониторингтеу;
- 5) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының жобаларын келісу;
- 6) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуын мониторингтеу және бағалау;
- 7) мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;
- 8) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әдіснамалық сүйемелдеу, оның ішінде мемлекет жалғыз акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын қоспағанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 9) Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауларының ережелерін іске асыру мақсатында әзірленетін жалпыұлттық іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және мониторингтеу;
- 10) мемлекеттік органдардың елдің экономикалық саясатын қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру;
- 11) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;
- 12) республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу;
- 13) макроэкономикалық болжамдау әдіснамасы мен құралдарын жетілдіру;
- 14) экономикалық саясат шараларының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге әсерін бағалау;
- 15) әлемдік экономикадағы ахуалды талдау, әлеуетті сыртқы тәуекелдерді және олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалау;
- 16) Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуді әдіснамалық қамтамасыз ету, оның ішінде елдің және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін бес жылдық кезеңге болжамдау әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 17) республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың даму стратегияларын әзірлеу жөніндегі әдістемені бекіту;

- 18) республиканың макроэкономикалық көрсеткіштерін мониторингтеу және талдау ;
- 19) салық және бюджет саясатын, сондай-ақ кеден ісі саласындағы саясатты қалыптастыру;
- 20) салық және бюджет заңнамасын, сондай-ақ кеден ісі саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;
- 21) бюджет жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар тұжырымдау;
- 22) үш жылдық кезеңге арналған республикалық және облыстық бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасына жергілікті бюджет кірістерін болжау;
- 23) шоғырландырылған, мемлекеттік және республикалық бюджеттердің түсімдері мен шығыстарының болжамын, бюджеттің тапшылығын, Ұлттық қордың көрсеткіштерін болжауды қамтитын үш жылдық кезеңге және ұзақ мерзімді кезеңге арналған бюджет параметрлерін болжау;
- 24) жалпы сипаттағы трансферттерді есептеулер әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 25) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш, мемлекет кепілгерлігі бойынша борыш саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;
- 26) үкіметтік борыш пен жергілікті атқарушы орган борышының лимитін, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін ұсыну лимиттерін айқындау;
- 27) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша экспортты қолдау жөнінде мемлекеттік кепілдіктер беру үшін қорытындыны әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптарды белгілеу;
- 28) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен экспортты қолдау жөнінде мемлекеттік кепілдік беру лимитін айқындау үшін соманы белгілеу;
- 29) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 30) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге және келісуге қатысу;
- 31) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін келісу;
- 32) арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын қызметтің басым түрлерінің тізбесін келісу;
- 33) арнайы комиссияның жұмысына қатысу;
- 34) рентабельділігі төмен келісімшарттар бойынша пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың жеке мөлшерлемесінің нақты мөлшерлері бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

35) 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларына экономикалық сараптама жүргізу;

36) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісім жобаларына экономикалық сараптама жүргізу;

37) төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, бюджеттік кредиттеу мәселелері жөніндегі құжаттарды қарау;

38) мемлекеттік инвестициялық жобалар саясатын қалыптастыру;

39) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін қалыптастыру;

40) бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды жоспарлауды әдіснамалық қамтамасыз ету;

41) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау объектілеріне қажеттілікті айқындау және инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;

42) білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, ақпараттандыру және автомобиль жолдары салаларында басшылықты жүзеге асыратын орталық уәкілетті органдармен бірлесіп елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу және бекіту;

43) мемлекеттік инвестициялық жобалардың, бюджеттік инвестициялық жобалардың және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері заңды тұлғаларының жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың инвестициялық ұсыныстары бойынша экономикалық қорытындылар дайындау;

44) мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеуді жүзеге асыру;

45) мемлекет кепілгерліктерін беру үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іріктеуді жүзеге асыру;

46) бірлесіп қаржыландыру шартында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды қарау;

47) концессия объектісінің құнын және концессионерлер қызметін мемлекеттік қолдау мен шығындарды өтеу көздерінің жиынтық құнын айқындау әдістемесін бекіту;

48) "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, концессиялар саласындағы

құжаттарға экономикалық сараптама жүргізу үшін концессия мәселелері бойынша мамандандырылған ұйымды тарту;

49) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру жоспарланатын республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың, оның ішінде түзетілген бюджеттік инвестициялардың, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаға республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік кепілдік беру үшін түзетілген, сондай-ақ жаңадан жасалған инвестициялық жобалардың, техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеудің, қаржы агенттеріне мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруының экономикалық сараптамасын жүргізу үшін құжаттар жіберу;

50) республикалық бюджеттік инвестициялық және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың тізбесін қалыптастыру, тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу;

51) егер объектілер республикалық меншікке жатқызылса, орта мерзімді кезеңде концессияға беруге ұсынылатын объектілер тізбесін қалыптастыру және бекіту;

52) бюджеттік инвестициялық жобалардың және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау;

53) республикалық меншікке жататын мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілері, оның ішінде концессия объектілері бойынша концессия шарттарының тізіліміне деректерді енгізу үшін республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау нәтижелерін жіберу;

54) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды ұйымдастыру саласында салааралық үйлестіру мен әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру;

55) концессия шарттарының тізілімін жүргізу;

56) бюджеттік инвестициялар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессиялар, мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалар және техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеу, қаржы агенттерінің мемлекеттік инвестициялық

саясатты іске асыруы мәселелері бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен сараптама жүргізу және құжаттаманы бағалау құнын айқындау әдістемесін бекіту;

57) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор мен астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компанияның, қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импортын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті ұйымның және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін мемлекет кепілдігімен берілген мемлекеттік емес қарызды өтеу көздерінің бірі республикалық және жергілікті бюджеттерден берілетін төлемақылар (төлемдер) болып табылатын басқа квазимемлекеттік сектор субъектілерінің әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобаларының және (немесе) инвестициялық бағдарламаларының тізбесін бекіту;

58) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер құнын айқындау әдістемесін бекіту;

59) жергілікті мемлекеттік басқарудың жұмыс істеу тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

60) байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдер тізбесін қалыптастыру және оларды бағалау нәтижелеріне негізделген байланысты гранттарды пайдалану туралы жиынтық есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсыну;

61) байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдер тізбесін бекіту;

62) экономика салаларында мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің тетіктерін қолданудың институционалдық және заңнамалық негізін құру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

63) республикалық бюджеттен өңірлерді дамытуға арналған нысаналы трансферттерді бөлу бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

64) нысаналы даму трансферттері мен республикалық бюджеттің бюджеттік кредиттері есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша өңірлік даму саласындағы уәкілетті орган айқындаған өңірлік саясат басымдықтарының критерийлеріне олардың сәйкес келуі тұрғысынан ұсыныстар қалыптастыру;

65) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру, пайдалану және басқару тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

66) "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу;

67) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын табиғи монополиялар салаларының жай-күйі туралы, бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есептерді ұсыну;

68) тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту;

69) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

70) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгі шарттарын бекіту;

71) реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту;

72) тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифтері бекітілетін табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін бекіту;

73) Тарифтік саясат жөніндегі кеңес туралы ережені және оның дербес құрамын бекіту;

74) теміржол көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасында көзделген уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидаларын бекіту;

75) инженерлік желілерге қосуға арналған техникалық шарттардың үлгілік нысандарын бекіту;

76) табиғи монополиялар субъектілері қызметкерлерінің нақты іс-қимылдар тәртібімен қызметтер көрсетуінің үлгілік регламенттерін бекіту;

77) кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау қағидаларын бекіту;

78) бағаларды мемлекеттік реттеуді және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің баға белгілеу тәртібін және міндеттерді сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

79) қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын бекіту;

80) Министрліктің құзыреті шегіндегі халықаралық ынтымақтастық;

81) мемлекеттік органдардың халықаралық экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмысын үйлестіру, халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен, сыртқы көмекті үйлестіру және олардың қызметі мәселелері бойынша донор елдермен, рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл жасау;

82) халықаралық экономикалық ұйымдармен келіссөздерде, сондай-ақ екіжақты бастамалар шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет ету;

83) халықаралық және өңірлік ұйымдар шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықты дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу және мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

84) Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын экономикалық салада халықаралық шарттардың орындалуын мониторингтеу, Қазақстан Республикасы

экономикалық ынтымақтастығының басым бағыттарын айқындау бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асыру;

85) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруды бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

86) Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін әзірлеу және бекіту;

87) мемлекеттік мүлікті басқаруды талдау және бағалау;

88) мемлекет жалғыз акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың стратегиялары мен даму жоспарларын келісу;

89) мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларының іске асырылуын бағалау;

90) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын және даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау тәртібін әзірлеу;

91) акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және ол құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау тәртібін әзірлеу;

92) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларының және даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну тәртібін әзірлеу;

93) акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және ол құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну тәртібін әзірлеу;

94) мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

95) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингі қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қолдану;

96) мемлекеттік басқару органдарының қызметін функционалдық талдау жүргізу;

97) мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

98) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

99) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы негізде ақпарат беру;

100) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының аутсорсингін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

101) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

102) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

103) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциясының құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

104) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

105) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

106) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың қызметіне әдістемелік көмек беруді және үйлестіруді жүзеге асыру;

107) нарықтың дайын болуына орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың жүргізген талдауына сараптамалық қорытындылар дайындау және беру;

108) өз құзыреті шегінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар бәсекелес ортаға беру үшін ұсынатын орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын іріктеу нәтижелеріне сараптама жүргізу;

109) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар жүргізген оңтайландыру тұрғысынан ұсынылған есептеме бойынша қорытынды әзірлеу және беру;

110) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

- 111) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған Қазақстан Республикасының барлық органдары үшін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін әзірлеу;
- 112) Министрліктің құзыреті шегінде ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыру және тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- 113) Министрліктің құзыреті шегінде тиісті салада зерттеулер жүргізу жұмыстарын үйлестіру;
- 114) Министрліктің құзыреті шегінде мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерді, мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық желілерін дамыту, олардың Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігіндегі үйлесімділігі мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 115) Министрліктің құзыреті шегінде құқықтық актілерді әзірлеу;
- 116) Министрліктің құзыреті шегінде құқықтық актілердің жобаларын келісу және олар бойынша қорытындылар беру;
- 117) заң жобаларының ғылыми-экономикалық сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру;
- 118) экономикалық талдауды жүзеге асыру және өңірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;
- 119) Елді аумақтық кеңістікте дамытудың болжамды схемасын іске асыру жөніндегі әрбір орта мерзімді кезеңге арналған іс-шаралар жоспарын кезең-кезеңмен әзірлеу;
- 120) Елді аумақтық кеңістікте дамытудың болжамды схемасының ережелерін, өңірлік даму саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын өзара байланыстыру бойынша жұмысты үйлестіру;
- 121) жергілікті атқарушы органдар үшін Базалық көрсеткіштер тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 122) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 123) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру мен оңтайландыру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;
- 124) Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығының сараптамасы негізінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жасалған бизнес-жоспарға қорытынды дайындау;
- 125) елді әкімшілік аудандарға бөлу бойынша ұсыныстар тұжырымдау;
- 126) ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуын мониторингтеу және талдау;
- 127) барлық деңгейдегі аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізу;
- 128) өңірлерді дамыту проблемаларын мониторингтеу және талдау;

129) елдің өңірлік саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың, өңірлердің қызметін үйлестіру;

130) елдің экономикалық саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша өңірлердің қызметін үйлестіру;

131) әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары, орта және төмен ауылдық елді мекендердің тізбесін келісу;

132) жекелеген проблемалы аумақтарды, елді мекендерді дамытудың кешенді жоспарларын әзірлеу және бағалау;

133) Жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

134) жеке кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларын әзірлеу;

135) жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметті дамыту жөнінде шаралар әзірлеу ;

136) республикалық бюджет қаражаты есебінен кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шаралары шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

137) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру және оларға кредит беру жөніндегі шараларды жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеу;

138) кәсіпкерлікті дамытудың жылдық есебін дайындау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберу;

139) шағын кәсіпкерлік саласында кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыруға бағытталған шараларды іске асыруға ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ оларды іске асыру;

140) жастар ұйымдарымен жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

141) мемлекеттік рұқсат беру жүйесін және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласын жетілдіру және оңтайландыру бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру ;

142) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сараптамалық кеңестердің қызметін үйлестіру;

143) мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жол берген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін хабардар ету;

144) уәкілетті мемлекеттік органдар әзірлейтін тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын бірлесіп бекіту арқылы мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу процесін үйлестіруді жүзеге асыру;

- 145) мемлекеттік органдардың тексеру парақтарының нысанын және тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 146) кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қызметін қамтамасыз ету;
- 147) ақпараттық құралдардың тізбесін әзірлеу және бекіту;
- 148) бизнес жүргізудің жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингін жүргізу;
- 149) бизнес жүргізудің жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингін жүргізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 150) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органмен бақылау және қадағалау органдарының тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды есепке алу жөніндегі ақпаратпен алмасу бойынша өзара іс-қимылы;
- 151) лицензиялау саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;
- 152) Министрліктің стратегиялық жоспарын бекіту;
- 153) инвестициялық ұсынысты әзірлеу және түзету, қажетті сараптамаларын жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, мониторингтеу және іске асырылуын бағалау қағидаларын бекіту;
- 154) реттелетін салаларда техникалық регламенттерді бекіту;
- 155) үш жылдық кезеңге арналған республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу;
- 156) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді, сондай-ақ реттелетін саладағы кәсіби стандарттарды бекіту;
- 157) бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізуге шекті бағаларды келісу;
- 158) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік хаттамалар жасау;
- 159) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу;
- 160) жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін орындалуы міндетті талаптарды белгілеу және бекіту;
- 161) агломерацияларды, екінші деңгейдегі қалаларды, шағын қалаларды, моноқалаларды, ауылдарды және шекара маңының аумақтарын дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар тұжырымдау;
- 162) реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қарау және өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын қоспағанда, реттеуші мемлекеттік органдардың, Ұлттық палатаның және басқа да мүдделі тұлғалардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытындыны беру;

163) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтіндерін қоспағанда, өз құзыреті шеңберінде нормативтік құқықтық актілерді және нормативтік құжаттарды, әдістемелерді, стандарттарды әзірлеу және бекіту;

164) мемлекеттік қызметтер көрсету;

165) жеке кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру;

166) шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік шараларының орындалуын ұйымдастыру және үйлестіру;

167) кәсіпкерлік ортаға, инвестициялық ахуалға және жеке кәсіпкерлікті дамытудың инфрақұрылымына талдау жүргізу;

168) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне әдіснамалық көмекті ұйымдастыру;

169) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу;

170) жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерін және өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу;

171) кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырғаны туралы хабарламаны сараптама қорытындысын алу үшін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен келесі әрбір келісу кезінде сараптама кеңестеріне және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жіберу;

172) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру;

173) жеке кәсіпкерлікті дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

174) жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты насихаттау;

175) республика өңірлерінде шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытуға ықпал ету;

176) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыру;

177) Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің инновациялық, инвестициялық және индустриялық даму саласындағы құжаттарын іске асыруға шағын және орта кәсіпкерліктің қатысуы үшін жағдайлар жасау;

178) инвесторлар, грант беруші халықаралық ұйымдар үшін жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелерінде жағдайлар жасау;

179) реттеу әсерін талдауды енгізу және жүзеге асыру мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдарды оқытуды ұйымдастыру;

180) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау (қадағалау) саласындағы мемлекеттік органдардың осы бағыттағы қызметін үйлестіру;

181) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кәсіпкерлік саласындағы басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының реттеушілік әсерді талдау жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы есептерін қарау;

182) Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есептің жобасын әзірлеу;

183) ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

184) бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленетін мұнай өнімдерін бөлшек сатуға шекті бағаны айқындау тәртібін келісу;

185) Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын және Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде электрондық сауда алаңдарынан тыс өткізілетін сұйытылған мұнай газының шекті бағаларын келісу;

186) акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну тәртібін айқындау;

187) акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және ол құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну тәртібін айқындау;

188) байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібін бекіту;

189) екінші санаттағы рұқсаттар алға арналған өтініштер нысандарын, екінші санаттағы рұқсаттар нысандарын бекіту;

190) Заңда рұқсат беру тәртібі енгізілген рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларын және қызметті немесе іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

191) хабарламалар нысандарын және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту, хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау;

192) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидаларын келісу;

193) реттегіш құралдардың реттеушілік әсеріне талдау жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

194) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны, лицензия нысанын және (немесе) лицензияға қосымшаны алу және қайта ресімдеу үшін өтініштердің нысандарын бекіту;

- 195) Министрлік реттейтін саладағы мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;
- 196) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;
- 197) орталық және жергілікті атқарушы органдардың тиісті салада (аяда) мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 198) қоғамдық кеңес құру;
- 199) қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарау;
- 200) қоғамдық кеңестің жұмыс тобының құрамындағы өкілдіктің дербес құрамын айқындау;
- 201) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын бекіту;
- 202) қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамындағы өкілдік құрамын бекіту;
- 203) қоғамдық кеңес туралы ережені бекіту;
- 204) қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 205) министрліктердің өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру;
- 206) құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;
- 207) реттелетін саладағы тәуекелдерді басқаруды бағалау жүйесін бекіту;
- 208) жұмыстың сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында өз қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру;
- 209) Министрлікте, комитеттерде және олардың аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволық бағынысты ұйымдарында басқару жүйесінің жұмыс істеуін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу;
- 210) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалау, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жасалған бизнес-жоспарға, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасына сараптамалар жүргізу үшін, оның ішінде оларға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығын тарту;
- 211) республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасын келісу;
- 212) мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің әртүрлі кезеңдерінде туындайтын тәуекелдердің болжамды тізбесін бекіту;

213) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті айқындау жөнінде конкурс және тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылу мониторингін жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларын бекіту;

214) экономиканың жекелеген салаларында (аясында) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамалары мен мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарттарын келісу;

215) мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларын бекіту;

216) соттардың заңды күшіне енген шешімдері негізінде қалыптастырылатын жосықсыз әлеуетті жекеше әріптестердің тізбесін жүргізу және бұл тізбені өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

217) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жатқызу өлшемшарттарын бекіту;

218) іске асырылуы жоспарланатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту тәртібін айқындау, сондай-ақ іске асырылуы жоспарланатын республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін қалыптастыру және бекіту;

219) тиісті кезеңге арналған мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың және (немесе) инвестициялық бағдарламалардың тізбесін қалыптастыру;

220) жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері туралы үлгілік ережені бекіту;

221) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту;

222) тиісті саладағы (аядағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу;

223) міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын келісу;

224) тиісті салада немесе мемлекеттік басқару саласында өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу;

225) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының меморандумдары жобаларын қарау және келісу;

226) реттеуші мемлекеттік органдарға реттеушілік әсерді талдауды жүзеге асыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету және олардың қызметін үйлестіру;

227) реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізу;

228) ашық деректер интернет-порталында ақпарат орналастыру;

229) ашық бюджеттер интернет-порталында ақпарат орналастыру;

230) ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында ақпарат орналастыру;

231) ашық бюджеттер интернет-порталында ақпарат орналастыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актіні келісу;

232) ақпараттың сапасына және уақтылы берілуіне ішкі бақылау жүргізу;

233) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің құрамына берілетін аудандық коммуналдық мүліктің үлгілік тізбесін әзірлеу;

234) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдерді айқындау қағидаларын әзірлеу;

235) квазимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарының көлемін келісу қағидаларын әзірлеу;

236) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты туралы үлгі ережені әзірлеу және бекіту;

237) жергілікті қоғамдастық жиналысының үлгі регламентін әзірлеу және бекіту;

238) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуы мен өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іріктеу және үйлестіру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

239) бюджеттік жоспарлау жөніндегі және білім және ғылым саласындағы орталық уәкілетті органдармен бірлесіп, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулерді және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулерді іріктеу, сондай-ақ талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулер шығындарының құрылымын айқындау жөніндегі әдістемені әзірлеу және бекіту;

240) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі іске асыратын Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды әзірлеу және бекіту;

241) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындауды және уәкілетті органға енгізуді жүзеге асыру;

242) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді жүзеге асыру;

243) стандарттау жөніндегі құжаттар мен ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарау;

244) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асыру;

245) сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

246) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;

247) мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралардың афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындар тізбесін бекіту.

248) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

249) Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын және тиісті кезеңге арналған тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жоспарын мемлекеттік органдардың қатысуымен әзірлеу, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінің жұмылдыру жоспарларын келісу;

250) мемлекеттік органдардың жұмылдыру даярлығы саласындағы қызметін үйлестіру;

251) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласында зерттеулерді ұйымдастыру;

252) жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласында әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

253) жұмылдыру органдары мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

254) жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгерген кезде мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және беру туралы ұсыныстар енгізу;

255) Қазақстан Республикасында жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру қағидалары мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы баяндамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығын бағалауды жүзеге асыру;

256) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізу;

257) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әскери міндеттілерді броньдау бойынша жұмысын үйлестіру;

258) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

259) қару-жарақ пен әскери техника бұйымдарына, аса маңызды азаматтық өнімдерге арналған техникалық құжаттаманың, сондай-ақ қатері жоғары объектілерге, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелеріне және ұлттық игілік болып табылатын объектілерге арналған жобалық құжаттаманың сақтандыру қорын жасау және сақтау саласындағы қызметті үйлестіру;

260) қару-жарақ пен әскери техника бұйымдарына, аса маңызды азаматтық өнімдерге арналған техникалық құжаттаманың, сондай-ақ қатері жоғары объектілерге, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелеріне және ұлттық игілік болып табылатын объектілерге арналған жобалық құжаттаманың сақтандыру қорын жасау және сақтау бойынша ережелерді әзірлеу;

261) Министрліктің құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші органдар қызметін қамтамасыз ету;

262) "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-3) тармақшасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, концессиялық жобалардың және концессия шарттарының конкурстық құжаттамасын, оның ішінде оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде келісу;

263) орталық атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, Президенті мен Үкіметінің актілерімен жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру;

ведомстволардың функциялары:

1) Министрліктің қарамағындағы қадағаланатын салаларда (аяларда) мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне табиғи монополиялар салаларының жай-күйі туралы, бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы жыл сайынғы есепті дайындау;

3) Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін қалыптастыру және жүргізу;

4) тарифтерді қалыптастыру қағидаларын әзірлеу;

5) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгі шарттарын әзірлеу;

7) өтінімді қарауға қабылдау не оны қабылдаудан бас тарту;

8) бұқаралық ақпарат құралдарында жария тыңдаулардың өткізілетін күні мен орны туралы хабарландыру жариялап, оларды өткізу;

9) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда тарифті бекіту және заңда белгіленген тәртіппен бекітілген тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту;

10) қуаты аз табиғи монополия субъектісінің тарифін индекстеу деңгейін айқындау;

11) тарифтік сметаны бекіту және өзі бекіткен тарифтік сметаға өзгерістер енгізу;

12) реттеліп көрсетілетін аэронавигациялық қызмет ұсынатын, халықаралық және транзиттік ұшуға аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерін, Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуежайларды, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қоспағанда, кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын өзге мемлекеттік органмен бірлесе отырып бекіту және оларға өзгерістер енгізу;

13) жергілікті атқарушы органмен бірлесіп Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне қосылған табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасына өзгерістер енгізу және бекіту;

14) уақытша өтемдік тарифті бекіту;

15) табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-әрекеттер жасауына келісім беру, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінен "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама қабылдау;

16) тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін әзірлеу және бекіту;

17) табиғи монополиялар субъектілері қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін әзірлеу және бекіту;

18) табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының бұзылуын жою туралы нұсқама енгізу;

19) табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептеріне талдау жүргізу;

20) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының жобасын келісу, оларға тарифті қалыптастыру бөлігінде өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;

21) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органдардан өтеусіз пайдалануға алған кезде оны, оның ішінде басқа энергия беруші ұйымдардан электр желілерін балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға қабылдаған жағдайда тарифті көтермей, бекітілген тарифтік сметаға өзгерістер енгізу;

- 22) уақытша төмендету коэффициентін бекіту;
- 23) табиғи монополиялар салалары бойынша бес жылдық кезеңге арналған тарифтің болжамды индексін айқындау;
- 24) есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемақы мөлшерін бекіту;
- 25) магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін бекіту;
- 26) тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне бекітілген баға шектерін жыл сайын түзету;
- 27) табиғи монополия саласын тарифтік реттеу әдісін айқындау;
- 28) реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастыру;
- 29) тарифтері тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып бекітілетін табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін қалыптастыру;
- 30) табиғи монополиялар субъектілерімен бірлесіп айына кемінде бір рет тұтынушыларды қабылдауды жүргізу;
- 31) жергілікті атқарушы органдарға есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларына келісу;
- 32) құрылыс объектілерін қабылдау және пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, есепке алу аспаптарын сатып алу және орнату үшін ақы алу мөлшерін табиғи монополия субъектісіне көзделген тәртіппен келісу;
- 33) Тарифтік саясат жөніндегі кеңес туралы ережені әзірлеу және оның құрамын қалыптастыру;
- 34) энергия өндіруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 35) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 36) табиғи монополиялар салаларында мемлекеттік бақылауды және баға белгілеу тәртібінің және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі міндеттерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау;
- 37) теміржол көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасында көзделген уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидаларын әзірлеу;

38) инженерлік желілерге қосылуға арналған техникалық шарттардың үлгілік нысандарын әзірлеу;

39) табиғи монополиялар субъектілері қызметкерлерінің нақты іс-қимылдар тәртібімен қызметтер көрсетуінің үлгілік регламенттерін әзірлеу;

40) кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау қағидаларын әзірлеу;

41) қызметтер көрсету регламенттерін үлгілік регламентке сәйкестігі тұрғысынан келісу;

42) ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органының өз қызметі саласындағы функцияларын жүзеге асыру;

43) Министрлік реттейтін салалардағы лицензиялық бақылау;

44) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

45) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің бағаларына мониторингті жүзеге асыру;

46) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды келісу;

47) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің алдағы уақытта тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың өсетіні туралы хабарламаларын қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу;

48) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісіне Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген міндеттемелерді олардың орындауы туралы орындалуға міндетті нұсқамаларды енгізу;

49) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі нұсқамаларды орындамаған жағдайда, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісін нұсқамада көрсетілген әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы сотқа талап қою;

50) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ әкімшілік жазалар қолдану;

51) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінен өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату және алу;

52) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды:

шекте бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының орындалмауына;

электр энергиясын, тауарлық газды сатып алуға және (немесе) беруге арналған, шекті бағаларда ескерілген қаражаттың пайдаланылмауына;

шекті бағаларда ескерілген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), оның ішінде жекелеген тұтынушылар топтарының тұтынуы көлемдерінің асып кетуіне;

табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісілген тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағадан асып кетуге байланысты алынған кіріс мөлшерінде төмендету;

53) табиғи монополиялар салаларына табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) осы сала шеңберінде реттеліп көрсетілетіндерге жатқызу тұрғысынан талдау жүргізу;

54) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру рәсімдерін лицензиялауды және хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыру;

55) энергия өндіруші ұйымдармен инвестициялық шарт жасасу;

56) ресми интернет-ресурсында энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдардың тізілімін жүргізу, орналастыру және он күн сайын жаңартып отыру;

57) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуін айқындау;

58) лицензиялар тізілімін жүргізу;

59) қосалқы (шунттаушы) электр беру желілері мен шағын станцияларды жобалау мен салуды және меншік нысанына қарамастан электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін сатып алуды-сатуды, жалға немесе сенімгерлікпен басқаруға беруді келісу;

60) магистральдық темір жол желілерінің операторы магистральдық және станциялық жолдармен кірме жолдарды жалғастырудан бас тартқан жағдайда шағымдарды қарау;

61) табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізу;

62) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда нұсқамалар шығару;

63) Қазақстан Республикасының заңнамасына тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша оны жетілдіру қажеттігі тұрғысынан талдау жүргізу және қорытындылар бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

64) тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде зерттеулер, ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу және халыққа консультациялық көмек көрсету бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, іске асырылуын мониторингтеуді және оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

65) тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

66) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтары туралы актілерді қабылдау;

67) мемлекеттік органдар қабылдаған реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын олар қабылдаған актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

68) заңнамада көзделген жағдайларда, ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау бойынша есептерді қарау, келісу және бекіту;

69) реттелетін саладағы мәселелер бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге, бюджетті, бухгалтерлік есепті және мемлекеттік сатып алуды жоспарлауға және орындауға қатысу;

70) өз құзыреті шегінде лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне лицензия берумен байланысты қызметті жүзеге асыру және лицензиаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

71) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет аумағында мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру;

72) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

73) ведомствоның құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру және ведомствоның құзыреті шегінде орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;

74) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, ведомствоның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және министрліктердің актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

75) құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды және қағадалауды жүзеге асыру;

76) ведомствоның өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

77) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы жүгіну;

78) салықтық құпияны құрайтын мәліметтерге қолжетімділігі бар лауазымды тұлғалар тізбесін бекіту;

79) аумақтық органдардың ережелерін бекіту;

80) тиісті саладағы (аядағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін енгізу;

81) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер

бойынша ұйғарым енгізу және кассациялық наразылық білдіруді ұсынуды енгізу туралы өтінішхат беру;

82) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды тұлғаның) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыларын, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды және шешімдерді қарау;

83) үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексерулер жүргізу мақсатында сыртқы сауда қызметі саласындағы уәкілетті органның сұратуы бойынша мәліметтерді ұсыну;

84) Министрлік реттейтін саладағы мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

85) ведомствоға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындау үшін міндетті құқықтық актілерді қабылдау;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты және материалдарды сұрату және алу;

3) өз құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші және сарапшылық комиссиялар құру;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, монополияға қарсы орган өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеу;

5) монополияға қарсы орган "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардан өтініштер қабылдауға және оларды қарау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген коммерциялық және өзге заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді жарияламауға қойылатын талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен жеке тұлғалардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажет ақпаратты сұрату және алу;

7) табиғи монополиялар субъектілері мен тұтынушылардың өтініштерін қарау;

8) өзінің интернет-ресурсында:

Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін;

уәкілетті органның құқықтық актілерін;

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 7-тармағында белгіленген талаптарды ескере отырып, электрондық жеткізгіште ұсынылған, қоса берілген құжаттары бар өтінімдерді;

бекітілген, белгіленген және айқындалған тарифтерді;

бекітілген тарифтік сметаларды және инвестициялық бағдарламаларды;

табиғи монополиялар субъектілерінің бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерін;

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-әрекеттер жасауына берілген келісімдердің, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінен қабылданған реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асыру туралы хабарламалардың тізілімін;

табиғи монополиялар субъектілерін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулыны;

уәкілетті органның қатысуымен талқылау қорытындылары бойынша сот шешімдерін;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін;

табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштерін;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға қатысты өзге де ақпаратты орналастыру;

9) табиғи монополиялар салаларында қызметін жүзеге асыратын субъектілерді табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу немесе одан шығару туралы шешім қабылдау;

10) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы өтініш жасаған жеке немесе заңды тұлғаның біліктілік талаптарға сәйкес келуіне қоршаған органы қорғау, ядролық, радиациялық, өнеркәсіптік, өртке қарсы қауіпсіздік пен мемлекеттік энергетикалық қадағалау, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы мемлекеттік органдарға сұрау салуларды жолдау;

11) сотқа жүгіну;

12) қалалардың, аудандардың және облыстардың жылу, электр, газ таратушы желілерін, сондай-ақ сумен жабдықтау және кәріз желілерін дамыту жоспарларын келісу;

13) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу, оның негізінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

14) тексерулер мен сараптамалар жүргізу үшін басқа да ұйымдардан мамандарды тарту;

15) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдарға олар қабылдаған, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

16) прокуратура органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді жолдау;

17) өз құзыреті шегінде табиғи монополиялар салаларындағы бұзушылықтардың жолын кесу және олардың салдарын болдырмау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері бойынша шешімдер қабылдау;

18) өзінің өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін аумақтық органдарға беру;

19) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан реттейтін саладағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

20) реттейтін саладағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру;

21) аумақтық органдар мен ұйымдардың негізгі қызметі, республикалық бюджетті жоспарлау мен атқару мәселелері бойынша жұмысты үйлестіру;

22) реттелетін саладағы аумақтық органдар мен ұйымдарға, заңды және жеке тұлғаларға Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әдіснамалық және консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

23) реттейтін саладағы мәселелер бойынша білімді насихаттау;

24) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

25) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

26) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

27) заңнамада белгіленген тәртіппен басқа ұйымдардан мамандарды тексеру және сараптама жүргізуге тарту;

28) электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес оларға жеке және заңды тұлғалардың қолжетімдігін ұйымдастыру;

29) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;

30) заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Министрлікке басшылықты Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Бірінші басшыны Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады.

20. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары (бірінші вице-министр, вице-министрлері) болады.

21. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) заңнамаға сәйкес Министрлік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, өз құзыретіне жататын еңбек қатынастарының мәселелерін шешеді;

2) ведомстволардың құзыретін және өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

3) қызметінде өзінің бақылауындағы ведомстволардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) жауапты хатшының келісімі бойынша ведомстволар басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен еңбек қатынастарының мәселелері оның құзыретіне жатқызылған Министрліктің қызметкерлеріне тәртіптік жаза мен көтермелеу шараларын қолданады;

6) ведомстволардың актілерінің әрекетін толық немесе бір бөлігінде тоқтатады немесе тоқтата тұрады;

7) Министрдің бұйрықтарына қол қояды.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

23. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

24. Министрлікте заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Министрлік мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрлік, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы.

2. "Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі "Микрография ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

9. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.

11. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті.

12. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.

13. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

14. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті.

15. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

16. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті.

17. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.